

Бекітемін:   
 «01» «09» 2024 ж.  
 №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының  
 меңгерушісі: А.Г. Уртамбаева



**Меңгеруші жанындағы отырыс жоспары  
 2024-2025 оқу жылы**

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Тақырыптық бақылау: «Топтардың жаңа оқу дайындығы, санитарлық жағдайы»	<b>Қыркүйек</b>	Меңгеруші Уртамбаева А.Г. Әдіскер Ахметова А.Ж.
2	Бөбекжай балабақшасында қамқоршылық кеңестің ережесін және мүшелерін бекіту.		Меңгеруші Уртамбаева А.Г. Әдіскер Ахметова А.Ж.
3	Талдау «Балалардың тамақтануын ұйымдастыру, үстелдерді жасау, балалардың кезекшілігі, тамақ ішуді үйретуге тәрбиешілердің қатысуы		Әдіскер Ахметова А.Ж. Медбике Бурханова З.Т. Шаруашылық меңгерушісі Наурзалиева Ф.М.
4	Талдау «Таңғы жаттығуды ұйымдастыру және өткізу»		Әдіскер Ахметова А.Ж.
1	<b>Салыстырмалы бақылау:</b> «Жаңа жылдық ертеңгіліктерді даярлау және ұйымдастыру»	<b>Желтоқсан</b>	Әдіскер Ахметова А.Ж. Шаруашылық меңгерушісі Наурзалиева Ф.М.
2	<b>Салыстырмалы бақылау:</b> «Топтардағы балалардың балабақшаға қатысуы, денсаулық жайы»		Медбике Бурханова З.Т.
3	«Өзін-өзі тану» оқу қызметінің ұйымдастырылуын және өткізілуін зерделеудің қорытындысы.		Әдіскер Ахметова А.Ж. Шығармашылық топ



4	Балабақшада жарықтандырудың жағдайы туралы есеп беру.		Шаруашылық меңгерушісі Наурзалиева Ф.М.
1	<b>Салыстырмалы бақылау:</b> Балабақшадағы мамандар қызметін бақылау және талдау	Ақпан	Әдіскер Ахметова Ф.Ж. хатшы Мұқашева Г.
2	<b>Талдау</b> «Балалардың эстетикалық тәрбиесінің деңгейі»		Әдіскер Ахметова А.Ж.
3	Табиғат бұрышындағы балалардың жұмысының ұйымдастырылуы және жабдықталуы		Шығармашылық топ
1	<b>Салыстырмалы бақылау:</b> «Топтардағы балалардың балабақшаға қатысуы, денсаулық жайы»	Мамыр	Медбике Бурханова З.Т.
2	Ұйымдастырылған оқу қызмет үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану бойынша сараптама		Әдіскер Ахметова А.Ж. Шаруашылық меңгерушісі Наурзалиева Ф.М.
3	Жазғы сауықтыру мерзіміне дайындық <b>жедел бақылау</b>		Әдіскер Ахметова А.Ж. Шаруашылық меңгерушісі Наурзалиева Ф.М.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

**Меңгеруші жанындағы  
кеңес хаттамалары**

2024-2025 оқу жылы

## Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы

### Хаттама №1

Күні: 11.09.2024 жыл

Қатысқандар: - 21

### Меңгеруші жанындағы кеңестің №01 отырысы

#### Күн тәртібінде:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы, санитарлық жағдайы.
2. Бөбекжай балабақшасында қамқоршылық кеңестің ережесін және мүшелерін бекіту.
3. Балалардың тамақтандырудың ұйымдастыру. Үстелдерді жасау, балалардың кезекшілігі, тамақ ішуді үйретуге тәрбиешілердің қатысуы.
4. Таңғы жаттығуды ұйымдастыру және өткізу.

**1. Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі: А.Г Уртамбаева барлық қызметкерлерді 2024-2025 жаңа оқу жылымен құттықтап, сәттілік тіледі. Барлық топтардың дайындығын тексеріп шықты. Әдіскер А.Ж Ахметова : барлық топта жаңа оқу жылына керекті жабдықтардың бар екенін әр топта сабақ өтуге арналған бес білім дағдысы бойынша көрнекіліктер, сурет салуға керекті материалдар жұмыс жүргізу үшін жеткілікті екенін айтып өтті. Топта табиғат бұрышы, денсаулық бұрышы, кітап бұрышы тиісті деңгейде жабдықталған. Ұлттық құндылықтарда өз деңгейінде жабдықталған.

Медбике З. Бурханова: 2024-2025 оқу жылының басынан бастап әр топта санитарлық жағдайдың мұқият қарастырылғанын айтып өтті. Әр топта қол жуғыштардың жұмыс жасап тұрғанын, жылы су ағып тұрғанын, қол жуу үшін сабындар бір реттік сүрткіштер сонымен қатар ар баланың жеке өзіне арналған сүлгілері бар екенін айтып өтті. Әр балаға жеке ыдыстар қасық, шанышқы, тарелке, кесе жеткілікті екенін, ыдыстар гигиеналық талапқа сай жуылатындығында ескертті. Балалардың жатын бөлмесінде жамылғылар жиі таза жамылғыға ауыстырылып тұратындығын айтты.

**2. Сөз сөйледі:** меңгеруші А.Г Уртамбаева қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты-білім беру ұйымының дамуына, тәрбиеленушілерге қолайлы жағдай жасауға, ата-аналармен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталғанын атап өтті. Қамқоршылық кеңестің ережесінің жобасы таныстырылып, оның міндеттері, құқықтары мен қызмет бағыттары түсіндірілді.

Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне ұсынылған ата-аналар тізімі ұсынылды.

**3. Тыңдалды:** балабақша медбикесі: З. Бурханова балалардың жас ерекшелігіне сай, белгіленген уақыт режимі бойынша тамақтанатынын атап өтті. Балаларға берілетін тамақтардың сапасын бес күн бойы түрлі тағамдар, бірінші тамаққа сұйық тамақ, екінші тамаққа қою тамақтар берілетінін, тамақта бала бойына қуат беретін дәрумендер бар екендігін айтып өтті. Балаларға түрлі кампот, какао, сүт шай, кисель т.б сусындар берілетінін атап кетті. Балалар күніне үш мезгіл тамақтанады. Таңғы асқа дәруменге бай каша, шай, нан беріледі.

Түскі асқа бірінші, екінші тамақ және шәй мен нан беріледі. Ал, түстен кейінгі асқа бірінші, екінші тамақ және шәй мен нан беріледі.



## Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы

### Хаттама №2

Күні: 11.12.2024 жыл

Қатысқандар: -18

### Меңгеруші жанындағы кеңестің № 02 отырысы

#### Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктерді даярлау және ұйымдастыру.
3. Топтардағы балалардың балабақшаға қатысуы, денсаулық жайы.
4. Өзін-өзі тану оқу қызметінің ұйымдастырылуын және өткізілуін зерделеудің қорытындысы.
5. Балабақшада жарықтандырудың жағдайы туралы есеп беру.

**1. Сөз сөйледі:** балабақша әдіскері А.Ж Ахметова өткен кеңестің шешімдері бойынша барлық топтарда санитарлық талаптар сақталу шаралары жүргізілгенін сонымен қатар тәрбиешілер балаларға жоспар бойынша ертеңгіліктермен мерекелік іс-шараларды өз уақытында қауіпсіздікті сақтап жүргізгендігін мәлімдеді. Балабақшада қамқоршылық кеңестің мүшелері сайланып, бекітіліп, жұмыс жүріп жатқанын айтып өтті. Тамақ сапасы тексеріліп, тамақтандыруды ұйымдастыру қадағалауда.

Таңғы жаттығулар өз уақытымен, түрлі тәсілде жасалынып жатыр – деп мәлімдеді.

**2. Сөз сөйледі:** 2024-2025 оқу жылындағы күн тәртібі өз деңгейінде сақталып жұмыс жүргізілуде. Балабақша әдіскері А.Ж Ахметова жаңа жылдық ертеңгіліктерді ұйымдастыру жөнінде айтты. Жаңа жылдық ертеңгіліктердің тәрбиелік мәні, балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастыру қажеттілігі туралы баяндады. Балабақша әдіскері А. Ахметова ертеңгіліктердің өткізілуіне орай сахнаға безендіру жұмыстары бойынша түрлі шарлар, жылтырақтар т.б. заттар сатып әкелетінін айтты. Тазалық құралдарының кем жерін толықтырып беру керектігін медбике айтып өтті. Меңгеруші жазып алды. Медбикеден күнделікті тамақ сапасын тексеріп жүруді тапсырды.

Балабақша меңгерушісі А.Г Уртамбаева ертеңгілік кезінде қауіпсіздік ережелері, өрт қауіпсіздігі, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын талап етті.

**3. Тыңдалды:** балабақша медбикесі З. Бурханова топтардағы балалардың қатысымы жөнінде мәлімет берді. Қатысым көрсеткіші тұрақты екенін, кейбір балалардың себепті (ауру, отбасылық жағдай) қалуларын атап өтті. Балалардың денсаулық жағдайы туралы баяндап, маусымдық аурулардың алдын алу шаралары жүргізіліп жатқандығын жеткізді. Таңертеңгі сүзгі, күнделікті бақылау, санитарлық –гигиеналық талаптарды сақтауды міндеттеді.

**4. Сөз сөйледі:** Балабақша әдіскері А.Ж Ахметова « Өзін-өзі тану» оқу қызметінің перспективалық және күнтізбелік жоспарға сәйкестігі, оқу қызметінің құрылымы, мақсат-міндеттерінің нақты қойылуы жөнінде баяндады. Сабақтардың білім беру стандарты талаптарына сай ұйымдастырылғанын атап өтті. Зерделеу барысында оқу қызметінде

қолданылған әдіс-тәсілдер (әңгімелесу, жағдаяттық тапсырмалар, ойын элементтері, шығармашылық жұмыстар) балалардың жас ерекшеліктеріне сай екені, олардың өзіндік ойлауын адамгершілік құндылықтарын дамытуға ықпал еткені айтылды.

5. Тыңдалды: Шаруашылық меңгерушісі Ф.М.Наурзалиева сөз сөйлеп, балабақша ғимаратында жарықтандыру жүйесі санитарлық-гигиеналық талапқа сәйкестігін мәлімдеді. Топ бөлмелерінде табиғи жарық жеткілікті, терезелер таза. Жасанды жарықтандыру шамдары талапқа сай орнатылған.

### Шешім:

1. Ертеңгіліктердің өткізілу кестесі бекітіліп, белгіленген уақытта ұйымдастырылсын.
2. Балалардың тұрақты қатысымын бақылау жалғастырылсын. Алдын алу шаралары жүйелі түрде жүргізіліп, балалардың денсаулығын күнделікті бақылауда ұстасын.
3. Барлық топтың тазалығы өз деңгейінде қадағаланып, мерекелік безендірулер жүзеге асырылсын.
4. «Өзін-өзі тану» оқу қызметін ұйымдастыруда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдерді жүйелі түрде жалғастыру.
5. Жарық күші төмендеген шамдарды уақытында ауыстырылсын.

Кеңес төрайымы:  А.Г. Уртамбаева  
Кеңес хатшысы:  А.Ж. Ахметова



**Хаттама №3**

Күні: 05.02.2025 жыл

Қатысқандар: -22

**Меңгеруші жанындағы кеңестің №03 отырысы**

**Күн тәртібінде:**

1. Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалуы туралы.
2. Балабақшадағы мамандар қызметін бақылау және талдау
3. Балалардың эстетикалық тәрбиесінің деңгейі
4. Табиғат бұрышындағы балалардың жұмысының ұйымдастырылуы және жабдықталуы.

**1. Сөз сөйледі:** балабақша әдіскері А.Ж Ахметова өткен кеңестің шешімдері бойынша барлық ертеңгіліктер бекітілген уақытта өте жоғары деңгейде өткендігін айтты. Сонымен қатар балалардың күнделікті қатысымы қадағалауда екендігі, алдын алу шаралары жүйелі түрде жүргізілді.

**Талдау:** Балалардың денсаулығы олардың жатын бөлме, ойын бөлме және ас ішер кездегі гигиеналық тазалығы күнделікті қадағаланып жатқандығын айтып өтті.

**2. Тыңдалды:** балабақша әдіскері А.Ж Ахметова: Мамандардың оқу жылына арналған жоспарлары күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттері, балалармен жеке және топтық жұмыс жүргізу сапасы, құжаттарының жүргізілуі (жоспар, мониторинг, диагностика) қарастырылды.

Мамандардың қызметі жылдық жоспарға сәйкес жүргізілуде. Балалардың даму деңгейін арттыруға бағытталған жұмыстар бар.

**3. Сөз сөйледі:** балабақша әдіскері А.Ж Ахметова балалардың эстетикалық тәрбиесінің деңгейі орташа/жоғары/төмен қажетіне қарай белгілейді. Тәрбиешілер балалардың эстетикалық қабілеттерін дамыту үшін қосымша: шығармашылық тапсырмалар беру, көркем әдебиетпен, музыкамен, театрмен таныстыру, топтық және жеке шығармашылық іс-шаралар ұйымдастыру қажет.

**4. Сөз сөйледі:** Табиғат бұрышы топ бөлмесінің жарық жерінде орналасқан. Бұрышта өсімдіктер, табиғат материалдары бар. Балалар өсімдіктерді суарып, күтім жасау арқылы табиғатты бақылауды үйренеді. Табиғат бұрышында өткізілген ойындар мен тәжірибелер балалардың зеректілігін, байқағыштығын арттырады.

## Шешім:

1. Мамандар қызметін бақылау нәтижелері жақсы деп бағалансын.  
Келесі бақылау жүргізілсін.
2. Тәрбиешілер топтағы балалардың эстетикалық тәрбиесінің деңгейін анықтау үшін бағалау жүргізісін.
3. Табиғат бұрышындағы жұмыстарды жүйелі түрде бақылап, жаңартып отырсын. Балалардың әрекеттері мен нәтижелері туралы есеп жазылып, ата-аналармен хабарласу қамтамасыз етілсін.

Кеңес төрайымы:

Кеңес хатшысы:



А.Г Уртамбаева

А.Ж Ахметова

*Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы*  
**Хаттама №4**

Күні: 24.04.2025 жыл  
Қатысқандар: -15

*Меңгеруші жанындағы кеңестің № 04 отырысы*

**Күн тәртібінде:**

1. Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалуы туралы.
  2. Топтардағы балалардың балабақшаға қатысуы, денсаулық жайдайы
  3. Ұйымдастырылған оқу қызмет үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану бойынша сараптама
  4. Жазғы сауықтыру мерзіміне дайындық **жедел бақылау**
- 1.Сөз сөйледі:** балабақша әдіскері А. Ахметова өткен кеңестің шешімі бойынша барлық тәрбиешілер күн тәртібіне сай жұмыс жүргізіп жатқандығын айтты. Мамандар қызметін бақылау уақытында жүргізілді. Барлық мамандар жоспарға сай жұмыстарын өткізіп жатыр. Табиғат бұрышындағы балалар жұмысының ұйымдастырылуы жабдықталуы толықтырылуда.
- 2. Тыңдалды:** балабақша медбикесі З. Бурханова топтардағы балалардың қатысымы жөнінде мәлімет берді. Қатысым көрсеткіші тұрақты екенін, кейбір балалардың себепті (ауру, отбасылық жағдай) қалуларын атап өтті. Балалардың денсаулық жағдайы туралы баяндап, маусымдық аурулардың алдын алу шаралары жүргізіліп жатқандығын жеткізді. Таңертеңгі сүзгі, күнделікті бақылау, санитарлық –гигиеналық талаптарды сақтауды міндеттеді. Тәрбиешілер келісті. мейірбекесіне серуен кездегі балалардың киімдері мен тазалықтарына қарау жне ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болыңыз деп тапсырды. Тәрбиешілер мен медбике бірауыздан келісті.
- 3.Сөз сөйледі:** балабақша әдіскері А.Ж Ахметова ұйымдастырылған оқу қызмет үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану балалардың оқу қызығушылығын арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға және білімді меңгеруді жеңілдетуге мүмкіндік береді. Қолданылған инновациялық технологиялар: интерактивті тақта, мультимедиялық құралдар, сандық ойындар мен моильдік қосымшалар арқылы оқыту, жасанды интеллект көмегімен тапсырмаларды жеке бейімдеу.

